

## Участелік комиссиялар туралы ұлгілік ережені, сондай-ақ өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша атаулы әлеуметтік көмекке мүқтаждықты айқындау өлшемшарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 23 мамырдағы № 167 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 24 мамырда № 32560 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 125-бабы З-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Участелік комиссиялар туралы ұлгілік ереже;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша атаулы әлеуметтік көмекке мүқтаждықты айқындау өлшемшарттары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды;

4) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармаларының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік корғау министрі  
2023 жылғы 23 мамырдағы  
№ 167 бұйрығына  
1-қосымша

## Участекілік комиссиялар туралы үлгілік ереже

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Участекілік комиссиялар туралы үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 124-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне және Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 11-бабының 17) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және участекілік комиссиялардың мәртебесі мен өкілеттігін айқындайды.

2. Осы Үлгілік ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

манасап орталығы – еңбек мобиЛЬДІЛІГІ орталығының функцияларын аудандарда, облыстық және респубикалық маңызы бар қалаларда, астанада орындауды жүзеге асыратын филиалы;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган – атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыратын респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданнаның, аудандық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы;

участекілік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеп-қарау жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 11-бабының 17) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асырады. Комиссия әлеуметтік көмекке жүгінген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеп-қарау жүргізеді.

3. Комиссиялар тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады. Комиссиялар өз жұмысын ашықтық, жариялыштық, алқалыштық және бейтараптық қағидаттарында ұйымдастырады.

4. Комиссиялар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, осы Ережені, сондай-ақ өтініш берушінің материалдық жағдайын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке мүқтаждығын айқындау өлшемшарттарын басшылыққа алады.

## **2-тaraу. Комиссиялардың міндеттері мен функциялары**

5. Комиссиялардың негізгі міндеті мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі үәкілетті органға, ал ауылдық жерлерде – кент, ауыл, ауылдық округ әкімдеріне халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек) немесе "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына сәйкес жергілікті өкілетті органдар бекітетін Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес көрсетілетін әлеуметтік көмек көрсету, олардың атаулылығын арттыру жөніндегі қызметіне жәрдемдесу болып табылады.

6. Комиссияның негізгі функцияларына:

1) Қағидаларға сәйкес ұсынылатын атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға немесе әлеуметтік көмек көрсетуге жүргінген адамның (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп-қарау (бұдан әрі – зерттеп-қарау);

2) атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүргінген адамның (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп-қарауға қажетті жетіспейтін мәліметтерді алу үшін тиісті органдарға сұрау жіберу;

3) атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға немесе Қағидаларға сәйкес көрсетіletіn әлеуметтік көмек алуға жүргінген адамның (бұдан әрі – өтініш беруші) материалдық жағдайын тексеру актісін жасау;

4) ұсынылған құжаттардың және/немесе тексеру нәтижелерінің негізінде үәкілетті орган бекіткен өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке мүқтаждығын айқындау өлшемшарттарын ескере отырып, Қағидаларға сәйкес ұсынылатын әлеуметтік көмек немесе атаулы әлеуметтік көмек берудің қажеттілігі немесе қажеттіліктің болмауы туралы қорытынды дайындау жатады.

## **3-тaraу. Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

7. Комиссияның ережесі осы Үлгілік ереженің негізінде әзірленеді, жергілікті өкілетті органдар келісіп, облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдар бекітеді.

8. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган, ал ауылдық жерлерде – кент, ауыл, ауылдық округтың әкімі Комиссияның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасайды (отырыс өткізуге арналған жеке бөлме беру, нормативтік құқықтық актілермен, техникалық құралдармен қамтамасыз ету).

9. Комиссияның құрамы жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, мұлік иелері бірлестіктерінің, көппәтерлі тұрғын үйлердің жай серіктестіктерінің (жай серіктестіктер), халықтың, білім беру, денсаулық сактау, халықты әлеуметтік қорғау үйымдары мен уәкілетті органдарының өкілдерінен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен құралады.

Комиссия төрағадан, хатшыдан және Комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссияның жалпы құрамы бес адамнан кем болмауға тиіс.

10. Төраға Комиссияның жұмысын үйымдастырады және Комиссияға осы Үлгілік ережеде жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуы үшін дербес жауаптылықта болады.

11. Өтініш берушіні отырыстың өткізілетін күні туралы хабардар етуді, Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, Комиссия отырысына қажетті құжаттарды, материалдар даярлауды және оны өткізгеннен кейін хаттаманы рәсімдеуді Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

12. Өтініш беруші қалауы бойынша Комиссияның отырысына қатыса алады.

13. Комиссия:

мансап орталығынан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар және (немесе) атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер өтініш берушінің материалдық жағдайын зерттеп-қарау нәтижелері негізінде қорытынды дайындалап, оны мансап орталығына немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне береді;

құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акт жасайды, Қағидаларға сәйкес адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы немесе мұқтаждығының болмауы туралы қорытынды әзірлейді және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне жібереді.

14. Комиссияның шешімдері оның құрамы жалпы санының үштен екісі болған кезде заңды болады.

15. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және Комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берсе, қабылданады деп есептеледі.

Дауыстар тен болған жағдайда, Комиссия төрағасының даусы шешуші болып саналады

16. Комиссия қабылдаған шешім қорытынды түрінде ресімделеді, өтініш беруші онымен танысып, қол қояды.

17. Комиссияның қорытындысына келіспеген кезде, өтініш беруші уәкілетті органға, сондай-ақ сот тәртібімен шағым жасайды.

Қазакстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік корғау министрі  
2023 жылғы 23 мамырдағы  
№ 167 бұйрығына  
2-қосымша

### **Өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша атаулы әлеуметтік көмекке мүқтаждықты айқындау өлшемшарттары**

1. Мыналар мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке мүқтаждықты айқындау өлшемшарттары болып табылады:

1) жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасы азаматтығының, қандас, босқын, шетелдік және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адам мәртебесінің болуы;

2) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 12-бабының 5) тармақшасының он жетінші абзацына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларының 7-тармағына сәйкес мансап орталығы немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімі растаған мәліметтердің болуы;

3) өтініш берушінің материалдық жағдайын зерттеп-қарау қорытындысы бойынша дайындалған участекелік комиссияның атаулы әлеуметтік көмек беру қажеттігі туралы қорытындының болуы.

2. Мынадай өлшемшарттардың бірі участекелік комиссияның өтініш берушіге және (немесе) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 120-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келетін адамдарға атаулы әлеуметтік көмек беруге қажеттіліктің болмауы туралы қорытынды шығаруы үшін негіз болып табылады:

1) барлық тұрғынжайдың жалпы пайдалы алаңы отбасының бір мүшесіне 18 шаршы метрден аспайтын жағдайларды, сондай-ақ тиісті актімен расталатын авариялық жағдайдағы тұрғын үйлерді қоспағанда, өтініш берушінің өзінің (өздерінің) меншік құқығына тиесілі, оның ішінде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға жүргінгенге дейін соңғы бес жыл ішінде иеліктен шығару жүргізілген, тұруға жарамды оған (оларға) меншік құқығымен тиесілі біреуден көп тұрғынжайдың болуы;

2) оның (олардың) жеке меншігінде, иелігінде және (немесе) қолданысында тұрақты тұрудан басқа табыс алу үшін мақсаттарда қолданылатын жеке жайдың болуы;

3) жергілікті атқаруышы органдармен жеке меншікке жер телімін ақысыз түрде беру жағдайын қоспағанда, оның (олардың) жеке меншік тұрғын үйінің бар болуы кезінде оның (олардың) сатып алған жеке тұрғын үй құрылышына арналған жеке меншікте жер телімінің бар болуы;

4) көпбалалы отбасыларды және мүгедектігі бар балалар, бірінші және екінші топ мүгедектігі бар адамдары бар отбасыларды қоспағанда оның (олардың) жеке меншігінде және (немесе) уақытша иелігінде, қолданысында біреуден астам женіл автокөлігі бар болуы;

5) жеке меншігінде және (немесе) уақытша иелігінде, қолданысында техникалық жарамды жағдайда ауыл шаруашылық техникасы және (немесе) автобустың және (немесе) микроавтобустың және (немесе) жүк автокөлігінің және (немесе) троллейбустың және (немесе) арнайы бейімделген және (немесе) арнаулы автомобильдердің және (немесе) теңіз және (немесе) ішкі су және (немесе) әуе көліктерінің бар болуы.

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2023 жылғы 23 мамырдағы  
№ 167 бұйрығына  
3-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің құші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Участекілік комиссиялар туралы үлгілік ережені, сонымен қатар өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру қорытындысы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке мүқтаждығын айқындау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 29-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 5562 болып тіркелген).

2. "Участекілік комиссиялар туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 29-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 326-Ө-М бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8611 болып тіркелген).

3. "Участекілік комиссиялар туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 29-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан

Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 716 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 19808 болып тіркелген).

4. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № 291 бұйрықтың қосымшасының 1 тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 29047 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК